

FTAMP 14.25.05

DOI: <https://doi.org/10.47344/z27m0q54>Шаттыгүл Ерхожина¹, Аружан Ыдырыс^{2*}^{1,2}SDU University, Қаскелең, Қазақстан*e-mail: ydyrysaruzhan27@gmail.com

САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада сабақ үдерісінде оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамытудың маңызы қарастырылған. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы олардың ойлау дағдылары, дербес білім алу қабілеті және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі жан-жақты талқыланды. Оқыту үдерісіндегі оқушының ақыл-ой әрекетін зерттеген ғалымдар еңбектері сараланып, олардың «ақыл-ой» туралы анықтамалары мен тұжырымдары жіктеле қарастырылды. М.И. Махмутов, П.Я. Гальперин, Л.В. Занков, Г.И. Шукина және Ж.-Ж. Руссо сынды ғалымдардың теориялық көзқарастары салыстырылып, олардың сабақта қолданылу мүмкіндіктері талданды. Ойлау түрлеріне тоқталып, олардың бір-бірінен айырмашылықтары теориялық тұрғыдан түсіндіріліп, оларды дамытудың жолдары практикалық тапсырмалармен байланысты қарастырылды. Олардың нәтижесі талқыланды. Ақыл-ой әрекетін дамыту сабақ мазмұнын терең меңгеруге, талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететіні жаттығу-тапсырмалар арқылы дәлелденді. Сондай-ақ, «графикалық диктант», «Ақпараттық органайзер», «Үш пазл – үш сұрақ», «Жемісті аршы» әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ойлау дағдыларын қалыптастыруға және сөздің тура және ауыспалы мағыналарын саналы меңгеруге бағытталған тиімді әдістемелік тәсіл ретінде ұсынылды. Жалпы оқушының ақыл-ой әрекетін дамыту мәселесі қазақ тілінен грамматикалық ақпараттарды меңгерту кезінде оқу-танымдық дағдыларды дамытумен қатар психологиямен байланысты талданды.

Түйін сөздер: ақыл-ой, логикалық ойлау, абстрактілі ойлау, индуктивті, дедуктивті

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек қана білім беру емес, сонымен қатар оқушының ақыл-ой әрекеті арқылы жан-жақты дамуына ықпал ету. Сабақ барысында оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру – білімді сапалы меңгерудің, дербес ойлау мен шығармашылықты қалыптастырудың басты жолы. Ойлау – бұл заттар мен құбылыстар арасындағы табиғи байланыстар мен қатынастарды бейнелейтін психикалық әрекет. Ойлау ми қыртысында жүзеге асатын психикалық процесс болғанымен, ол табиғаты жағынан әлеуметтік. “Ойлау дегеніміз – белгілі бір дәрежедегі мидың дамуы нәтижесі”. “Ойлау – мидың желісі”. Ми жануарларда да бар. Одан адам миының ерекшелігі – өмір сүрген ортасы, онымен қарым-қатынасы бар. Яғни, ойлау – қарым-қатынас нәтижесі. Ол үшін ата-аналар мен мектеп мұғалімдері балаларды дұрыс ойлай білуге үйрету, дағдыландыру қажет [1, 58].

Ойлау – таным үдерісіндегі күрделі құбылыс, ал таным дегеніміз – бұл үнемі жүретін үдеріс. Ол білмеуден білуге қарай бағытталған ой қимылының адамның санасында бейнеленуі болса, ойлау – адамның ми қызметінің жемісі. Ол – барлық адамдарға тән ұғым. Француз жазушысы Жан-Жак Руссо «Эмиль немесе тәрбие туралы» деген романында ақыл-ой еңбегіне ерекше көңіл бөлді. Жан-Жак Руссо ақыл-ойды дамыту, дербес ойлау, түсіну арқылы білім алу үдерістерін ерекше қолдайды. Оның ойынша, балаға дайын білімді беру емес, өз бетімен ойлауға үйрету – тәрбиенің басты мақсаты. Тәрбиеші шәкіртін астрономия мен географияға үйреткенде, оған дайын білімді жай ғана айтып бермейді, керісінше, білімді өз бетімен іздеп табуына жағдай жасайды. Руссоның ойынша, балалармен сөйлескенде сөз

арқылы емес, әрекет арқылы үйреткен дұрыс; ал сөзбен түсіндіру – тек іс-әрекет мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылуы керек. Мысалы, Эмильге тұсбағар (бағыттарды) үйрету үшін тәрбиеші оны әдейі орманға апарып адастырады, сонда ол өзі жол іздеуге мәжбүр болады. Осындай жолмен өзі ашқан жаңалықтар Эмильге ерекше қуаныш сыйлайды [2,11]. Жан-Жак Руссоның тұжырымдары оқыту барысында оқушыға дайын ақпарат беруден гөрі, оны өз бетімен ізденуге және ой қорытуға бағыттаудың маңызын көрсетеді. Сондықтан білім беру үдерісінде оқушылардың дербес ойлауын дамытып, олардың тәжірибе арқылы тануына жағдай жасау – тиімді оқытудың маңызды шарты болып табылады.

Ақыл-ой тәрбиесінің негізгі тетігі – оқыту үдерісі. Сабақ барысында бірлескен әрекеттер арқылы балалардың ойлау және сөйлеу дағдылары жетіліп, танымдық қызығушылықтары арта түседі. Балалардың оқу әрекеті мәнін түсініп, білім қорын меңгеретін кезеңі сабақ үдерісі екенін ескеретін болсақ, ақыл-ой белсенділігін арттыру, зияткерлік қабілеттер мен дағдыларды дамыту оқытудың басты міндеттерінің бірі болады. М.И.Махмутов: «Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өз бетінше ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті» [3],- деп қарастырған. Яғни, оқушының ақыл-ой белсенділігі оқу танымдық іс-әрекетте, сабақ үдерісінде жүзеге асатынын көре аламыз. Сабақ үдерісінде оқу материалын терең меңгеру, ойлау операцияларын қалыптастыру, зерделеу мен талдауға негізделген оқу әрекеттері арқылы жүзеге асады. Мұндай танымдық тапсырмалар оқушылардың ақыл-ойын дамытуға жағдай жасап, олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Педагогикалық тұрғыда, оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын білім беру үдерісінің жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылуы маңызды. Мазмұны терең, әдістемесі тиімді ұйымдастырылған оқу үрдісі оқушылардың танымдық деңгейін арттырады. Сабақта оқушылардың жас ерекшелігіне, бейімділігіне және қабілетіне сай тапсырмалар беріліп отырса, олардың шығармашылық ойлауы мен жеке тұлғалық дамуы нәтижелі қалыптасатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Ақыл-ой тәрбиесін жүзеге асыру кезінде мұғалімдер оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін назарда ұстаулары қажет.

Ақыл-ой тәрбиесінің ұстанымдарын сабақ үдерісінде қолдану арқылы тағы бір маңызды мақсат айқындалады. Ол – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру болып саналады. Бұл арқылы олар әлемді танып-білуге, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын меңгеруге ұмтылады. Ғалым Г.И. Щукинаның анықтауынша оқушының танымдық іс-әрекетін белсендіру – оқу мен оқытудың қалыптасып қалған түрлеріне деген инерцияны жеңуге, мұғалім мен оқушының тиімді бірлескен танымдық іс-әрекеттеріне бағытталған үдеріс. Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Оқу, білім алу – адам жеке басының танымдық қызметінің ерекше түрі. Оқи жүріп, білім негіздерін меңгере отырып, олар өздерін қоршаған дүниені таниды. Сабақ үдерістерінде оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамыту олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесімен тығыз байланыстылығы айқындала түседі. Бұл жайттарды ғалым О.А. Нилсьонның зерттеу еңбектерінен кездестіруге болады. Танымдық әрекетті ұйымдастыруға қолайлы жайттарды іздестіру проблемалық оқытудың терең зерттеуіне әкелді (М.И. Махмутов, Т. В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, Т. И. Шамова, Г.И. Щукина және т.б.) [4, 294].

Ақыл-ой мен таным процесі оқушының назарын шоғырландыруын, талдау және жинақтау қабілетін, ерік-жігерін дамыту жұмыстарын талап ететіндіктен, оқытудың күрделілік деңгейі жоғары тапсырмалар арқылы жүргізілген жағдайда ғана оқушы белсенді танымдық әрекетке тартылады, білім алуға ынтасы артады. Сонымен бірге жеткілікті көлемде шығармашылық жаттығулар орындатып, ойлау дағдысын дамыта түсудің маңыздылығы жоғары. Яғни үлгерімі жоғары немесе төмен болсын, барлық оқушыны бірдей деңгейде оқу еңбегіне жаттықтыру қажет. Л. В. Занков осыған сәйкес оқытуды жоғары қиындық деңгейде және материалды жоғары қарқынмен оқытуды ұсынды. Осы арқылы оқушының ақыл-ойы дамып, оқу жұмысының тиімділігінің де артатынын дәлелдеген

болатын. Өйткені оқушы алдына қойылған қиындықты жеңіп, өзіне деген сенімділігі артып, жаңа білімді терең әрі саналы түрде меңгере бастайды. Оқытудың бұл әдісі арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, сонымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім қабылдауға үйренеді.

Оқу әрекетінің қалыптасуын зерттеген ғалымдардың бірі – П.Я. Гальперин. Ол білім мен дағдыны тиімді үйрету үшін арнайы теория ұсынды. Бұл – **ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясы** деп аталады. Гальперин бұл теорияны шәкірттерімен бірге дамытқан. Бұл ақыл-ойдың алдын ала белгілі жоспар бойынша біртіндеп, сатылап берілген білімді, икемділікті және дағдыны дамытудың жалпы психологиялық негіздерін қарастыратын теория [5]. Оның айтуынша, кез келген оқу материалы немесе әрекет оқушыларға кезең-кезеңімен, яғни белгілі бір тәртіппен берілуі керек. Егер оқушы бірден түсінбей жатса, бұл оның қабілетсіздігі емес, оқытудың дұрыс ұйымдастырылмағанын білдіреді. П. Я. Гальпериннің тұжырымдамасына сәйкес, әрекеттің түрленуін анықтайтын төрт параметр бар. Оларға мыналар жатады: орындау деңгейі, жалпылау дәрежесі, нақты орындалатын операциялардың толықтығы және меңгеру дәрежесі. Бұл параметрлердің алғашқысы – орындау деңгейі – үш түрлі деңгейде жүзеге аса алады: материалдық нысандармен әрекет ету, сыртқы сөйлеу арқылы әрекет ету және ақыл-ойда әрекет ету. Ал қалған үш параметр белгілі бір деңгейде қалыптасқан әрекеттің сапалық сипаттамаларын айқындайды: жалпыланғандығы, ықшамдалғандығы және меңгерілгендігі [6,177]. Бұл сатылар оқушының жаңа білімді немесе дағдыны дұрыс және терең меңгеруіне көмектеседі. П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясы – оқушының ойлау қабілетін жүйелі және саналы түрде дамытуға бағытталған ғылыми әдіс. Бұл теория тек білім берудің жолын емес, сонымен қатар ақыл-ойдың қалай дамитынын да түсіндіреді. Оның басты маңызы – оқушыны жай ғана ақпаратты есте сақтауға емес, оны түсініп, саналы түрде қолдануға үйрету. Гальпериннің пікірінше, әрбір әрекет – сыртқы (қимыл немесе затпен жұмыс) түрде басталып, кейін біртіндеп ішкі (ойлау) әрекетке айналады. Бұл дегеніміз – оқушы ойлауды қимыл мен сөйлеу арқылы үйренеді, ал кейін бұл әрекеттер санада автоматтандырылады. Осы үдеріс арқылы абстракт ойлау, логикалық тұжырым жасау, ішкі жоспарлау қабілеті дамиды. Гальперин теориясының ерекшелігі – ақыл-ой әрекетінің дамуын кезеңдерге бөліп, оны әр оқушының даму деңгейіне сай бейімдеуге мүмкіндік беруі. Бұл әсіресе жеке тұлғаға бағытталған білім беруде өте маңызды. Мұғалім әр оқушыны өз мүмкіндігіне қарай жетелей алады.


Нәтижелер мен талқылаулар

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда әртүрлі ойлау түрлерінің маңызы ерекше. Сабақ барысында бұл ойлау тәсілдерін жүйелі түрде дамыту оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың дербес ойлау дағдыларын қалыптастырады. Ойлаудың бірнеше түрлері бар: нақты логикалық ойлау, абстрактілі ойлау, жинақтай ойлау, индуктивті, дедуктивті ойлау, алгоритмдік ойлау.

Нақты логикалық ойлау оқушылардың заттар мен құбылыстарды көзбен көріп, тікелей қабылдауына негізделеді. Бұл ойлау түрі бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды, өйткені олар білімді нақты, көрнекі құралдар арқылы жақсы қабылдайды. Сабақта дидактикалық материалдарды пайдалану, тәжірибе көрсету нақты логикалық ойлауды жандандырады. Ал жоғары сынып оқушылары үшін де логикалық ойлаудың маңызы қалай жоғары болса, оны қолданысқа түсіре білудің де сонша күші басым болып келеді. Педагог М.Жұмабаев: «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек» [7.111],- деген өзінің зерттеушілік-тәжірибелік тұжырымын айтқан еді. Автор ойдың терең болуы үшін суреттеулердің көп және ашық болуын маңызды санайды. Бір нәрсені түсіндіруді ауызша жалаң күйінде бергеннен гөрі суреттеулер барынша басым болу керек. Сонда бала пікірді суреттеуден шығарып айта алатынын көрсетеді. Сонымен қабат бала құбылыстарды және оның аралық байланыстарын, себептерін тауып ажыратуға ақыл-ой арқылы дағдыланатынын

айтады. Демек бұл істе сақтықтың керектігі бекер емес. Тұлғаның ойлау әрекетін дамытуда талдау, жинақтау, салыстыру, топтастыру, индукция, дедукция, тұжырымдау секілді логикалық амалдарды тиімді әдістер қолдану арқылы іске асыру маңызды. Яғни сабақ үдерісіндегі нақты логикалық ойлау әрекеті сұрақтарға жауап іздеуден басталып, сатылана келе теориялық, практикалық мәселелердің шешімін табу сөйлеу арқылы іске асырылады. Ересек оқушылардың нақты логикалық ойлауы абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды. Қазақ тілі пәнінде оқушының ойлау әрекетінің сапалық сипатын анықтау үшін логикалық тапсырма бере отырып, оның диагностикасының сапалық дәрежесін анықтауға болады. Ұсынылған жаттығу тапсырмасын талқылап көрелік.

Тапсырма. Синонимдер қатары графигін құру.



Сурет 1- Графикалық диктант

Пәндік ойлаудың ерекшелігі – тапсырмаларды орындау үстінде нақты, абстрактілі және интуитивті түрде арнайы терминдерді қолдануда. Диктантты тыңдай отырып жазғаннан гөрі графиктік тәсіл арқылы ойлануда ерекшелік маңызға ие. Графикалық жұмыстар кезінде диаграммалар құру, сызбалар сызу, түрлі кестелерді жасау кезінде оқушының ойлау операциясы арқылы пәндік білік дағдылары қалыптастырылады. Сабақ үдерісінде тақырыпты бекітуде, пысықтауда, қорытындылауда, жүйелеуде, тұжырымдауда ақыл-ой әрекеттерінің терең жүзеге асатыны белгілі еді. Логикалық ойлау пәндік ұғымдар, тұжырымдар, ой-пікірлерге негізделетіндіктен, сабақта қалыптан тыс ойланту арқылы зияткерлік және сапалық деңгей көтеріледі.

Абстрактылы логикалық ойлау – жоғары сынып оқушыларына тән, ұғымдар мен теорияларды түсінуге көмектесетін күрделі ойлау қабілеті. Абстрактілі ойлау үдерістер кезінде жоғары дәрежелі ойлау дағдыларын қалыптастыруда қызмет атқарады. Әрекеттер:

- құбылыстарды салыстыру,
- бейнелеп айту,
- мәселені талқылау,
- ұғымдарды түсіну,
- мәселелерді шешу,
- жағдайларды талдау,
- теорияларды құрау,
- тұжырымдық ойлау,
- перспективалық болжам. Демек оқушының талдау, салыстыру, жалпылау, қолдану, тұжырымдау қабілеттерін дамытады.

Тапсырма. Түсіндірілген тақырып бойынша «Ақпараттық органайзер» кестесін толтыру.

1-кесте. «Ақпараттық органайзер»

	Жаңа сабақ материалдары терминдері	Жаңа сабақ материалы бойынша ережелер	Жаңа сабақ бойынша қосымша	Жаңа тақырып бойынша синтез

			ақпараттар	


Аталған кестені толтыру барысында оқушының ақыл-ой әрекеті іске қосылады. Оқушының жаңа тақырыпты қаншалықты саналы түрде қабылдай алғаны мен кері байланыс арқылы күрделі ойдың жарыққа шығуы маңызды үдеріс. Бұл тәсілді кез келген сабақта жаңа тақырыпты қорытындылау кезінде, кері байланыс мақсатында орындату тиімді болып келеді. Мұнда оқушы жаңа тақырып бойынша бүкіл меңгергенін ойлау дағдылары мен жазылым әрекеті арқылы қолданысқа түсіреді.

Жинақтай ойлау арқылы оқушылар әртүрлі мәліметтер мен құбылыстарды біріктіріп, ортақ заңдылықты анықтай алады. Мысалы, жаратылыстану пәнінде өсімдіктер мен жануарлардың ортақ белгілерін табу, әдебиет сабағында кейіпкерлерді салыстыру кезінде жинақтай ойлау кеңінен қолданылса, қазақ тілі сабағында грамматикалық ережелерді қолданыс кезінде теориялық білім мен практиканың байланысы туралы ой тұжырымдары іске асырылады. Соның нәтижесінде оқушы ойын таразылап, өзіндік тұжырымдар жасауға бейімделеді. Ақпараттарға анализ жасап, оны міндетті түрде синтездеу жүргізіледі. Сонда сабақты пысықтау, кері байланыс, қорытындылау, оқушы рефлексиясы кезеңдерінде білімгердің нағыз жинақтай ойлау үдерісі дами түседі.

Индуктивті ойлау оқушыларға нақты фактілер мен бақылаулар арқылы жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әсіресе ғылыми жобаларда, зертханалық жұмыстарда немесе бақылау негізіндегі тапсырмаларда пайдалы. Ол оқушылардың байқағыштығын және зерттеушілік қабілетін арттырады.

Дедуктивті ойлау – оқушыларға белгілі ережелер немесе заңдылықтар негізінде нақты жағдайларды талдауға мүмкіндік береді. Бұл ойлау тәсілі грамматикалық жаттығулар мен тілдік талдаулар орындау барысында өте тиімді. Ол оқушыны жүйелі ойлауға, логикалық дәлдікке тәрбиелейді. Әр құбылысты детальді түрде талқылауға мүмкіндік беретін бұл үдеріс оқушының меңгеруге тиісті мағлұматтарын жеке-жеке талдап түсіну деңгейін дамыта алады.

Алгоритмдік ойлау сабақта мәселені белгілі бір реттілікпен, кезең-кезеңмен шешуді үйретеді. Алгоритмдік ойлау оқушының тәртіппен ойлануына, нақты жоспар құруына және мақсатқа бағытталуына көмектеседі. Осы ойлау түрлері қазақ тілі сабағында да көрініс табады. Оқушылардың нақты логикалық ойлауы мен абстрактілі ойлауын “Сөздің тура және ауыспалы мағыналары” тақырыбында жүзеге асыруға болады. Бұл тақырыпты меңгертуде үш кезеңнен тұратын «Үш пазл – үш сұрақ» тәсілін қолдануды ұсынамыз. Бұл тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және ұғымды саналы түрде игеруіне мүмкіндік береді.



Сурет 2- «Үш пазл – үш сұрақ» тәсіліне қолданатын көрнекілік

Сабақ басында «бас» сөзінің түрлі қолданысын білдіретін суреттер (адамның басы, таудың басы, өзеннің басы, сабақтың басы) ұсынылады және оқушыларға үш бағыттаушы сұрақ қою арқылы сөздердің тура және ауыспалы мағынада жұмсалатыны туралы мағлұматты білуге бағыттау. Ойтүрткі сұрақтары:

1. Суреттен не көріп тұрсыңдар?
2. Бұл суреттердің арасында қандай байланыс бар?
3. Неге?

Суреттердің мәнін анықтау арқылы оқушылардың бұдан әрі не білгілері келетіні туралы ой тастау.

Жаңа тақырып жайлы не білгілерің келеді? (2-сурет)



Сурет 3- Рефлексия

Оқушылар бірінші сұраққа суреттегі заттарды атап, (*бас, тау, өзен, жол, сабақ*) не көріп тұрғандарын айтады. Екінші сұрақта *бас* сөзімен байланысты іздейді. Үшінші сұрақта оқушылар қызығушылық танытып, өз сұрақтарын қалыптастырады, сабақтың тақырыбына логикалық көпір жасалады. Бұл тәсіл арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктері артады. Сабақ дайын ережеден басталмай, сурет немесе мысал арқылы ұйымдастырылғандықтан, оқушылар өздігінен ой қорытуға тырысады. Бұл олардың сабаққа қызығушылығын күшейтеді. Осы тәсіл арқылы оқушылардың қандай дағдылары дамиды?

Біріншіден, бұл тәсіл оқушылардың бақылау және нақтылау дағдысын дамытады. Алғашқы сұрақ оқушыларды фактіге сүйеніп жауап беруге үйретеді. Олар болжам жасамай, көргенін атайды. Бұл тілдік талдауда дәлдікке баулиды. Екінші сұрақ арқылы салыстыру және байланысты анықтау қабілеті қалыптасады. Оқушылар бір сөздің әртүрлі нысанға қатысты қолданылуын байқай отырып, мағыналық ұқсастық пен айырмашылықты ажыратады. Бұл кезеңде *аналитикалық ойлау* іске қосылады. Үшіншіден, құбылыстың себеп-салдарын айқындауға күш жұмсайды. Сонан соң оқу мақсатын бірлесіп айқындауға мүмкіндік береді. Оқушылар өз сұрақтарын ұсына отырып, жаңа тақырыптың мазмұнына қызығушылық танытады. Нәтижесінде сабақ мақсаты мұғалім тарапынан ғана емес, оқушы тарапынан да қабылданады. Төртіншіден, *коммуникативтік құзыреттілікті* дамытады. Талқылау барысында білім алушылар өз ойын дәлелдейді, өзге пікірлермен салыстырады және қорытынды жасайды. Бесіншіден, бұл әдіс 5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Көрнекілік, нақты мысал және қысқа бағыттаушы сұрақтар абстрактілі ұғымды біртіндеп түсінуге жағдай жасайды. Термин сабақтың басында емес, оқушылардың байқауы негізінде енгізіледі, бұл ұғымды саналы меңгеруге ықпал етеді.

Нәтижесінде, «Үш пазл – үш сұрақ» тәсілі сөздің тура және ауыспалы мағынасын меңгертуде тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Ол оқушылардың бақылау, салыстыру, талдау және сұрақ қою дағдыларын дамыта отырып, теориялық білімді тәжірибелік талдау арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Үш пазл – үш сұрақ» тәсілі арқылы оқушылар жаңа тақырыппен танысқан соң, тақырыпты бекіту және терең меңгеру үшін «Жемісті аршы» әдісін қолдану тиімді. Бұл әдіс оқу материалын қабат-қабат талдауға негізделген, яғни әр сөздің мағынасын кезең-кезеңімен ашуға мүмкіндік береді.



Сурет 4- Қабатты талдау тәсілі.

Мысал ретінде апельсин жемісін алуға болады. Жемістің әрбір қабаты оқушылардың ойлау деңгейіне сәйкес ақпаратты жүйелеуге және талдауға арналған:

1) Сыртқы қабат – сөздің тура мағынасы

Оқушылар апельсиннің сыртқы қабатына берілген сөздің негізгі, нақты мағынасын жазады. Мысалы, «*бас*» сөзін алсақ: адамның басы. Бұл қабат оқушылардың беткі, көрінетін мағынаны бақылап, нақтылау дағдыларын дамытады.

2) Ішкі қабат – сөздің ауыспалы мағыналары

Екінші қабатқа оқушылар сол сөздің ауыспалы немесе кеңейтілген мағыналарын іздеп, жазады. Мысалы, *таудың басы, өзеннің басы*. Бұл кезеңде оқушылар салыстыру, байланыс табу және мағыналық кеңеюді түсіну дағдыларын меңгереді.

3) Өзегі (дәнегі) – тура мағына мен ауыспалы мағынаның байланысы

Жемістің өзегіне оқушылар тура және ауыспалы мағыналардың арасындағы байланысты жазуы керек: бір сөз әртүрлі нысан мен контексте қолданылса да, негізгі идея немесе ортақ белгіні сақтайды. Бұл кезеңде оқушылар анализ, қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Осылайша, «Жемісті аршы» әдісі оқушыларға сөздің мағынасына терең үңіліп, оны бірнеше қабат бойынша талдауға мүмкіндік береді. Ол «Үш пазл – үш сұрақ» тәсілі арқылы сабақтың кіріспесінде туғызылған ой белсенділігін бекітіп, теориялық білімді практикалық тұрғыда қолдануға жағдай жасайды. Бұл тәсіл сөздің мағынасын қабаттап қарастыру арқылы оқушылардың бірнеше маңызды құзыреттіліктерін дамытады. Біріншіден, ойлау дағдылары дамиды. Оқушылар сөздің мағынасын салыстырады, айырмашылығын табады, байланысын анықтайды. Мысалы, «*бас*» сөзінің адамға, тауға, өзенге қатысты қолданылуын талдау арқылы олар бір сөздің әртүрлі мағына бере алатынын түсінеді. Екіншіден, сөйлеу және дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Талқылау барысында оқушылар өз пікірін айтып, неге олай ойлайтынын түсіндіреді. Бұл олардың ауызша тілін дамытады және өз ойын жүйелі жеткізуге үйретеді. Үшіншіден, сұрақ қою және жауап іздеу дағдысы жетіледі. Оқушылар «Неге бір сөз бірнеше мағына береді?», «Қай кезде тура, қай кезде басқа мағынада қолданылады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Төртіншіден, пәндік білім сапасы артады. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын жаттап алынған анықтама ретінде емес, нақты мысал арқылы түсінеді. Нәтижесінде оқушылар ережені саналы түрде меңгереді. Мұндай тәсілдердің 5-сынып оқушыларының ойлау белсенділігін арттырып, сөз мағынасын терең түсінуіне және тілдік білімді өмірлік жағдаятта қолдана алуына мүмкіндік береді. Жинақтай айтқанда, қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамыту – сапалы білім берудің негізгі шарты болып табылады. Ойлау қабілетін жетілдіру арқылы оқушы тек дайын ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, салыстырып, өздігінен қорытынды жасай алатын тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан сабақ үдерісін ұйымдастыруда

оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, дербес ойлауға жетелейтін әдістер мен тәсілдерді қолдану маңызды. Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде көрсетілгендей, ақыл-ой әрекеті оқу-танымдық іс-әрекет арқылы дамиды. М.И. Махмутов, П.Я. Гальперин, Л.В. Занков сияқты ғалымдардың еңбектері оқытуды жүйелі ұйымдастыру, қиындық деңгейін біртіндеп арттыру және әрекетті кезеңдеп қалыптастыру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға болатынын дәлелдейді. Мәселен, Л.В.Занковтың «дамыта оқыту» теориясы бойынша оқыту жоғары қиындық деңгейінде жүргізіледі. Қиындық деңгейіндегі тапсырмалар мен міндеттерді шешуде тиісті шешім табу үшін ұжымдық талқылау, пікір-ұсыныстар және оларды тексеру, қосымша әдебиетке жүгіну, бақылаулар, ізденістер талап етілуі қажет. Бұл оқыту қағидаларында білімнің даяр күйінде берілмеуі маңызды[8.86]. Бұл жағдайда танымдық үдерістерді ойда зерделеу оқушының өзіндік байқауы мен жүргізген сараптамасы негізінде іске асады. Бұл теориялар білімді тек меңгеру емес, ақыл-ой арқылы оны саналы түрде түсіну мен қолдану үдерісіне бағытталған. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда ойлаудың әртүрлі түрлерін жүйелі қолданудың маңызы зор. Нақты логикалық, абстрактілі, жинақтаушы, индуктивті, дедуктивті және алгоритмдік ойлау түрлері сабақ барысында арнайы тапсырмалар арқылы дамытылып отырса, оқушылардың білімді қабылдау және қолдану деңгейі артады, логикалық ойлауы, талдау және қорытынды жасау қабілеттері жетіледі.

Қорытынды

Сабақ үдерісінде оқушының ақыл-ойын дамыту мәселесі – қашанда өзекті мәселе. Ақыл-ой дағдылары ойлаудың қай түрі болмасын, тапсырмалар мен жаттығулар арқылы дамытылып отыратыны жоғарыда дәлелдене түсті. Оқушының нақты логикалық ойлануына бағыт-бағдар беретін тапсырмаларды ұйымдастыру немесе проблемалық сұрақтар мен жағдаяттарды ұсына білу мұғалімнің де дайындығын қажет етеді. Оқушылардың заттар мен құбылыстарды көзбен көріп, тікелей қабылдауына мұғалімнің қолданған иллюстративті, демонстративті көрнекіліктерінің де тигізер әсері зор. Білімгергерлер арасында аудиалдар, визуалдар, кинестетиктер де аралас келеді. Сондықтан олардың ортақ қабылдауына және ақыл-ой әрекетін белсенділікке итермелейтін түйткілдерді табу маңызды келеді.

Мәселен, абстрактілі ойлаудың өзі физикалық түрде байқайтын нәрселердей емес, баланың үлгілерді тануы, идеяларды талдай алуы, берілген ақпаратты синтездеуі, құбылыстардың ерекшелігін тани алуы, ұғымдарды құрастыруы абстрактілі ойлауды қамтиды. Мұндай іс-әрекетке баланы араластыру негізінде оның дерексіз бен нақты ойлау арасындағы тепе-теңдікті айқындауы – психикасы мен үдерістегі іскерлік дағдыларды игеруіне мол мүмкіндік береді.

Қай әдіскердің тәжірибесіне сүйенсек те, олардың ой-пікірлері бір-бірінен алшақтамайды. Өйткені қазіргі оқытудың талаптары мен заңдылықтары жаңашылдықты талап етеді. «...жоғары талаптарға байланысты қарқынды өзгертін білім беру ортасы жағдайында педагогке қойылатын талаптар да өзгереді. Жаңа буын мұғаліміне қойылатын талаптардың басты айырмашылығы – мақсатты бағдарлардың өзгеруі, демек, педагогикалық құралдар да өзгеруі тиіс. Оның қызметі технологияға ие болады, яғни мұғалім жобалық қызметті, проблемалық оқытуды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру дағдыларын басшылыққа алуы керек. Қазіргі мұғалімнің басты мақсаты – жаңа білім беру емес, білімгерлерді іздеуге ынталандыру, өйткені өздігінен алынған білім дайын түрде берілгендермен салыстырғанда анағұрлым берік»[9.24], дейді әдіскер – Г.О. Абдипаттаева «XXI ғасырдың білім беру жүйесінде жетекші үрдістер» атты мақаласында. Демек, оқушыға дайын біліммен емес, ізденімдік, ақыл-ой әрекетін іске қосатын, білімді саналы түрде меңгеруге итермелеу маңызды. Осы тұрғыда мақалада ұсынылған тәсілдер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуға, олардың ойлау әрекеттерінің жандануына мүмкіндік береді деп айта аламыз. Бұл тәсілдер арқылы оқушылар бақылау, салыстыру, талдау, сұрақ қою және өз ойын дәлелдеу сияқты маңызды дағдыларды дамытады. Сонымен қатар, көрнекілік пен кезеңдік талдау әдістері әр

сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келіп, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасайды. Осылайша, сабақ барысында оқушылардың алдын ала білімін анықтап, жаңа тақырыпты соған сүйене отырып меңгерту олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Оқушылардың құбылыстарды, үдерістерді дұрыс түсініп, оларға анализ жасауға оқу-танымдық тұрғыдан дағдыларының дамуына әсері мол және олардың ақыл-ой әрекеті дамып, танымдық қызығушылығы артады, нәтижесінде олар білімді терең әрі саналы түрде меңгере алады. Мұғалімнің оқыту әдістерін тиімді ұйымдастыруы оның әдістемелік шеберлігінің кәсіби жағының жүйелілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
- 2 Педагогические сочинения: В 2-х т. Том 1. Эмиль, или О воспитании. /Под ред. Г. Н. Джибладзе; сост. А. Н. Джуринский. — М.: Педагогика, 1981. — 656 с. — (Пед. б-ка).
- 3 Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань, 1972. – 365 с.
- 4 Педагогика:оқулық/ Таубаева, Ш. Т., Иманбаева С.Т.,Берикханова А.Е. - Алматы : ОНОН, 2017. - 340 б.
- 5 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 24-бет. [ISBN 9965-409-98-6](#)
- 6 Психология детства. Учебник. Под редакцией члена-корреспондента РАО А. А. Реана – СПб.: «прайм-ЕВРО-ЗНАК», 2003 — 368 с.
- 7 М.Жұмабаев. Шығармалары 2-том Алматы, “Жазушы”, 2013.
- 8 Занков Л.В. Дидактика и жизнь. /Л.В.Занков.- М.:Просвещение,1968.- 176 с.
- 9 Г.О. Абдипаттаева . XXI ғасырдың білім беру жүйесінде жетекші үрдістер. «XXI ғасыр дағдылары: білім берудегі жаңа тенденциялар! Ғылыми Конференция жинағы. 2022.

References

- 1 Äbenbaev S., Äbiev J. Pedagogika: Oqu qūraly. – Astana: Foliant,2009. – 336 b.
- 2 Pedagogicheskie sochinenija: V 2-h t. Tom 1. Jemil', ili O vospitanii. /Pod red. G. N. Dzhibladze; sost. A. N. Dzhurinskij. — M.: Pedagogika, 1981. — 656 s. - (Ped. b-ka).
- 3 Mahmutov M.I. Teorija i praktika problemnogo obuchenija. – Kazan', 1972. – 365 s.
- 4 Pedagogika:oqulyq/ Taubaeva, Ş. T., İmanbaeva S.T.,Berikhanova A.E. - Almaty : ONON, 2017. - 340 b.
- 5 Psihologija detstva. Uchebnik. Pod redakciej chlena-korrespondenta RAO A. A. Reana – SPb.: «prajm-EVRO-ZNAK», 2003 — 368 s.
- 6 Jantanu ataularynyñ tūsındırme sözdıgı. — Almaty:"Sözdık-Slovär", 2006. - 24-bet. ISBN 9965-409-98-6
- 7 M.Jūmabaev. Şyğarmalary 2-tom Almaty, “Jazuşy”, 2013.
- 8 Zankov L.V. Didaktika i zhizn'. /L.V.Zankov.- M.:Prosveshhenie,1968.- 176 s.
- 9 G.O. Abdipattaeva . NHI ğasyrdyñ bılım beru jüiesinde jetekşı ürdister. «XXI ğasyr dağdılyary: bılım berudegi jaña tendensialar! Ğylymi Konferensia jinağy. 2022.

Shattygul Yerkhozhina¹, Aruzhan Ydyrys^{2}*

^{1,2}SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: ydyrysaruzhan27@gmail.com

WAYS TO DEVELOP STUDENTS' MENTAL ACTIVITY IN THE LEARNING PROCESS

Abstract. The article examines the importance of developing students' cognitive (mental) activity in the teaching process. It provides a comprehensive discussion of enhancing students' thinking skills, independent learning abilities, and functional literacy through increasing their

cognitive engagement. The works of scholars who have studied students' mental activity in the learning process are analyzed, and their definitions and interpretations of "intellect" are systematized. The theoretical perspectives of M. I. Makhmutov, P. Ya. Galperin, L. V. Zankov, G. I. Shchukina, and Jean-Jacques Rousseau are compared, and their applicability in classroom practice is analyzed. Different types of thinking are outlined, their distinctions are explained from a theoretical perspective, and ways of developing them are explored through practical tasks. The results are discussed. It is demonstrated through exercises and tasks that developing cognitive activity contributes to a deeper understanding of lesson content and improves skills such as analysis, comparison, and drawing conclusions. In addition, methods such as "Graphic Dictation," "Information Organizer," "Three Puzzles – Three Questions," and "Peel the Fruit" are proposed as effective methodological tools aimed at enhancing students' cognitive engagement, developing thinking skills, and fostering a conscious understanding of literal and figurative meanings of words. Overall, the development of students' cognitive activity is analyzed in connection with psychology alongside the development of learning and cognitive skills in the process of mastering grammatical knowledge in the Kazakh language.

Keywords: cognition, logical thinking, abstract thinking, inductive, deductive

Шаттыгул Ерхожина¹, Аружан Ыдырыс^{2}*

^{1,2} SDU University, Қаскелен, Қазақстан

*e-mail: ydrysaruzhan27@gmail.com

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ

Аннотация. В статье рассматривается значение развития мыслительной деятельности учащихся в процессе урока. Подчеркивается, что повышение познавательной активности обучающихся способствует формированию навыков мышления, способности к самостоятельному обучению и функциональной грамотности. Проанализированы труды ученых, исследовавших мыслительную деятельность учащихся в образовательном процессе, систематизированы их определения и теоретические подходы к понятию «мышление». Проведено сравнительное рассмотрение концепций М.И. Махмутова, П.Я. Гальперина, Л.В. Занкова, Г.И. Щукиной и Ж.-Ж. Руссо, а также определены возможности их применения в учебной практике. Особое внимание уделено видам мышления, их теоретическим различиям и путям развития, которые раскрываются через систему практических заданий. Результаты их применения показывают, что развитие мыслительной деятельности способствует более глубокому усвоению учебного материала, совершенствованию навыков анализа, сравнения и обобщения. Эффективность данных положений подтверждается использованием специальных упражнений и заданий. В статье также предлагаются такие методические приемы, как «графический диктант», «информационный органайзер», «три пазла – три вопроса», «очистка плода», направленные на активизацию познавательной деятельности учащихся, формирование мыслительных навыков и осознанное усвоение прямых и переносных значений слов. В целом проблема развития мыслительной деятельности рассматривается в контексте обучения грамматике казахского языка и анализируется во взаимосвязи с психологическими аспектами учебно-познавательной деятельности.

Ключевые слова: мышление, логическое мышление, абстрактное мышление, индуктивное мышление, дедуктивное мышление

Келін түсті 17 Желтоқсан 2025